

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Акқулы ауданының білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Шарбактинская средняя общеобразовательная школа» отдела образования района Аккулы, управления образования Павлодарской области

БҰЙРЫҚ

Шарбақты ауылы

№ 1-03/71/1

2022 жылғы 05 қыркүйек

Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

"Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" ҚР БжҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 235 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 05 қыркүйектен бастап 1-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылсын. Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларды тегін тамақтандару бойынша сапалы мемлекеттік қызмет көрсетілуі қамтамасыз етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 2 қаулысына №1 қосымшасы «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптары» қатаң орындалсын.

3. 2022-2023 оқу жылы мектепте тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты болып тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Сальменова тағайындалсын.

4. Жалпы білім беретін мектепте жаппай оқыту қорынан «Келешек» бағдарламасы бойынша бастауыш сыныптан және мектепалды даярлық тобынан 71 оқушы, адрестық әлеуметтік көмек алатын отбасынан 7 оқушы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы, аз қамтылған отбасынан 15 оқушы, көпбалалы отбасынан 15 оқушы жаппай оқыту қорынан мектеп асханасында 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылсын (№1 қосымша).

5. Демеушілік қорынан 5-11 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін (№2 қосымша).